

ЕУРООДАҚ ЕЛШІЛЕРІ - ШЫМКЕНТТЕ



3 наурызда Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов Еуропалық Одаққа мүше елдердің елшілерімен ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері бойынша кездесті, - деп хабарлайды Шымкент қаласы әкімінің баспасөз қызметі.

Кездесуге Германия, Франция, Латвия, Австрия, Финляндия, Швеция, Хорватия, Испания, Латвия, Румыния, Словакия, Чехия, Нидерланды елшілері қатысты.

Басқосуда тараптар сауда-экономикалық өзара іс-қимыл-

дың өзекті мәселелері бойынша пікір алмасқан.

Шаһар басшысы қаладағы инвестициялық жағдайды одан әрі жақсарту бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтып, сауда-саттық байланыстарды дамыту бойынша

тығыз ынтымақтастық қарқынды дамып отырғанын жеткізді.

– Шымкентте қолайлы инвестициялық климат құрылған, сондай-ақ, бизнесті дамытудың тиісті жолдары қарастырылған. Шымкенттің географиялық орналасуы, ауа-райы бизнесті жүргізуге таптырмас орын. Біз инвест жобаларды іске асыруда жұмыла жұмыс істейміз деген сенімдемін, - деді Мұрат Дүйсенбекулы.

Өз кезегінде Еуропалық Одаққа мүше елдердің елшілері Шымкент қаласында бизнесті жүргізу үшін, қолайлы жағдайлар тудыру бойынша жұмыстардың оң тұстарын атап өткен.

Иә, Шымкент қаласын туристік тұрғыдан дамыту үшін, қазіргі таңда барлық мүмкіндіктер қарастырылуда. ТМД елдерінің мәдени астанасы аясындағы жоспарланған маңызды шаралардың да шаһар келешегін қалыптастыруда өзіндік орнын алары сөзсіз. Ал, Еуро Одаққа мүше елдердің Шымкентке танытып отырған қызығушылығы – өз кезегінде экономикалық әлеуетті арттыруға сеп.

Зарина ҚАЛИЕВА

Абайдың қара сөздері

АЛТЫНШЫ ҚАРА СӨЗ

Қазақтың бір мақалы: “Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік” дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малынды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін Құдайдан тілейді, әйтпесе Құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, өйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?

“Ырыс алды – тірлік” дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қор-қақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде өлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп, мал табуға жігер қыла алмайсың. Кеселді жалқау, қылжақбас, Әзір тамақ, әзір ас, Сыртың – пысық, ішің – нас, Артын ойлап ұялмас, болып жүріп, тірімін де-ме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.

2020 ЖЫЛҒЫ МӘДЕНИ АСТАНА - ӨРКЕНДІ ІСТЕРДІҢ КУӘСІ



«Шымкент 2020 – ТМД елдерінің мәдени астанасы» жылы аясында ТМД елдері арасындағы байланыстар мен достықты нығайту, мәдениет пен өнерді әлемге таныту мақсатында өтетін шаралар кешені белгілі болды.

«Тәуелсіз мемлекеттер достастығының астанасы» статусын ресми тапсыру салтанаты және ашылу рәсімі, ТМД елдері өнер шеберлері мен шығармашылық ұжымдардың қатысуымен мерекелік Гала-концертті 20 наурыз күні Қажымұқан атындағы орталық стадионында өткізу жоспарланған.

Салтанатты іс-шараның концерттік бағдарламасына 800-ге жуық Шымкент қаласының өнерпаздары мен ТМД елдерінен 200 өнерпаз қатысатын болады. Ашылу салтанатына 18 мыңнан астам қала тұрғындары мен ТМД-ның және республиканың мәртебелі қонақтары тамашалайтын болады.



Бұл туралы журналистермен өткізген брифинг барысында Шымкент қалалық Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы Рашид Мыңбаев мәлімдеді.

Салтанатты шара ТМД қатысушы елдерінің керуен-шеруімен басталып театрландырылған қойылыммен жалғаспақ. Бағдарламада шаһардың тарихы мен келешегі баяндалады. ТМД елдері өнер шеберлерінің мерекелік концерттері, Шымкент қаласының 2200 жылдығына арналған салтанатты іс-шара, «Жібек

жолы» дәстүрлі қолөнершілерінің көрмесі, ТМД елдерінің суретшілер және фотосуретшілер байқауы, Халықаралық ақындар айтысы, Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және Шымкент қаласының 2200 жылдық мерейтойларына арналған ғылыми-практикалық конференциялар, форумдар, кездесулер, көрмелер және тағы басқа іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілмек.

Жалғасы 4-ші бетте

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ СЕНІМ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА РОТАЦИЯ ЖАСАЛДЫ

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің құрамына жұртшылықтың және сарапшылар қоғамдастығының жаңа өкілдері қосылды, - деп хабарлайды Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі.

Атап айтқанда, Ұлттық кеңеске белгілі қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарының

«Қазақстан ардагерлері» қауымдастығының төрағасы Бақытбек Смағұл, белгілі заңгер, Еуропалық құқық және адам құқықтары институтының директоры Марат Башимов, қоғам қайраткері, «Мазмұндама» ҚБ төрағасы Шыңғыс Мұқан, Қазақстанның жаңартылатын энергетика қауымдастығының бас директоры Арман Қашқынбеков және «Талбесік» көпбалалы аналар қозғалысының

жетекшісі, журналист Ләззат Қожахметова, заңгер, «Ізгілік елшісі» республикалық еріктілер қозғалысының жетекшісі, заңгер Айнұр Сәбитова кірді.

Ротация аясында Ұлттық кеңестің құрамынан Ә.Шзімова, А.Саин, Б.Палымбетов, А.Шораев, Б.Бұқарбай, А.Шміртаев шығарылды.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі 2019 жылғы 12 маусымда құры-

лып, оның алғашқы отырысы 2019 жылғы 6 қыркүйекте өтті. Ұлттық кеңестің құрамына әртүрлі саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, БАҚ өкілдері, белгілі қоғам қайраткерлері, жетекші қазақстандық сарапшылар кіреді.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысы үстiмiздегi жылдың сәуiрiнде өткізіледі

ҚАЗАҚСТАН КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ШАРАЛАРДЫ КҮШЕЙТУДІҢ ТӨРТІНШІ КЕЗЕҢІН БАСТАДЫ



2 наурыз күні өткен ҚР Үкіметінің кезекті отырысында Қазақстан аумағында корона-вирус жұқтыруының таралуына жол бермеу шаралары қаралды, сондай-ақ Сауданы дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасы бекітілді. Отырыс қорытындысы бойынша ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың, ҚР денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың, ҚР сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Шахрат Нұрышевтің және ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Берік Қамалиевтің қатысуымен ауқымды баспасөз конференциясы өтті, - деп жазады rpimeminister.kz.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе - Қазақстан аумағында корона-вирус жұқтыруының таралуына жол бермеу шаралары. Қазіргі кезде Қазақстанда корона-вирус жұқтырған адам жоқ. ҚР денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов ҚР Премьер-Министріне қазіргі таңда өлемде COVID-19 пневмониясымен 88 571 адам тіркелгенін және оның 1951-і соңғы тәулік ішінде орын алғанын хабарлады. Күн сайынғы өсім қарқыны 2,25%-ды құрады. Соның ішінде Қытай Халық Республикасында 80 174 адам ауруға шалдығып, 206-ы соңғы тәулік ішінде тіркелді (күн сайынғы өсім - 0,25%), 44 518 адам жазылып шықты (55%). Стационарларда өлі де 32 741 науқас ем алуда.

Қытайдан басқа, 43 елде 8 397 адамда корона-вирус жұқтыруы расталды. Науқастардың көбі Оңтүстік Корея, Италия, Иран, Жапония елдерінде тіркелген және орташа тәуліктік өсу қарқыны 30%-ды құрады. Денсаулық сақтау министрлігі осы жылдың 6 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасында корона-вирус жұқтыруының өкелінуі мен таралуының алдын алу бойынша күшейтудің үш кезеңін іске асырды. Биылғы 1 наурыздан бастап сол елдерден келген тұлғаларға карантиндік іс-шаралар қолданылатын елдердің тізбесін кеңейтуді күшейтудің 4-кезеңі енгізілді.

Үкімет ҚР-да корона-вирус жұқтыруының анықтау және тарату кезіндегі Іс-қимыл алгоритмін өзгертеді («Б Жоспары») Биылғы 1 наурыздан бастап ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысымен бірінші санаттағы елдер қатарына Қытай Халық Республикасымен бірге Сауданы дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасы бекітілді. Отырыс қорытындысы бойынша ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың, ҚР денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың, ҚР сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Шахрат Нұрышевтің және ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Берік Қамалиевтің қатысуымен ауқымды баспасөз конференциясы өтті, - деп жазады rpimeminister.kz.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе - Қазақстан аумағында корона-вирус жұқтыруының таралуына жол бермеу шаралары. Қазіргі кезде Қазақстанда корона-вирус жұқтырған адам жоқ. ҚР денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов ҚР Премьер-Министріне қазіргі таңда өлемде COVID-19 пневмониясымен 88 571 адам тіркелгенін және оның 1951-і соңғы тәулік ішінде орын алғанын хабарлады. Күн сайынғы өсім қарқыны 2,25%-ды құрады. Соның ішінде Қытай Халық Республикасында 80 174 адам ауруға шалдығып, 206-ы соңғы тәулік ішінде тіркелді (күн сайынғы өсім - 0,25%), 44 518 адам жазылып шықты (55%). Стационарларда өлі де 32 741 науқас ем алуда.

Қытайдан басқа, 43 елде 8 397 адамда корона-вирус жұқтыруы расталды. Науқастардың көбі Оңтүстік Корея, Италия, Иран, Жапония елдерінде тіркелген және орташа тәуліктік өсу қарқыны 30%-ды құрады. Денсаулық сақтау министрлігі осы жылдың 6 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасында корона-вирус жұқтыруының өкелінуі мен таралуының алдын алу бойынша күшейтудің үш кезеңін іске асырды. Биылғы 1 наурыздан бастап сол елдерден келген тұлғаларға карантиндік іс-шаралар қолданылатын елдердің тізбесін кеңейтуді күшейтудің 4-кезеңі енгізілді.

Үкімет ҚР-да корона-вирус жұқтыруының анықтау және тарату кезіндегі Іс-қимыл алгоритмін өзгертеді («Б Жоспары») Биылғы 1 наурыздан бастап ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысымен бірінші санаттағы елдер қатарына Қытай Халық Республикасымен бірге Сауданы дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасы бекітілді. Отырыс қорытындысы бойынша ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың, ҚР денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың, ҚР сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Шахрат Нұрышевтің және ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Берік Қамалиевтің қатысуымен ауқымды баспасөз конференциясы өтті, - деп жазады rpimeminister.kz.

Әзірбайжанмен өлеу рейстері қысқарады және Иран азаматтарының Қазақстанға кіруіне тыйым салынады. Қолда бар мәліметтер бойынша, аталған елдерде 95 мыңнан астам азаматтарымыз бар, оның ішінде 35 мыңы Кореяда, 40 мыңы - Америка Құрама Штаттарында, 5100 - Біріккен Араб Әмірліктерінде, 5000 - Германияда, 3000 - Ұлыбританияда, 1800 - Италияда, 1000 - Францияда. Олардың басым бөлігі - студенттер, еңбек мигранттары, шетелдегі мекемелердің қызметкерлері және олардың отбасы мүшелері, туристер мен бизнесмендер.

«Эпидемиологиялық ахуал ұшыққан жағдайда, қазақстандық азаматтарды эвакуациялау мәселесі дер кезінде қарастырылады болады. Бүгінгі таңда шетелдегі Қазақстан азаматтарының арасында корона-вируспен ауырған жағдайлардың тіркелмегенін ерекше атап өткен жөн», - деді сыртқы істер министрі.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б. Қамалиев Қазақстан мен Қытай арасындағы барлық тұрақты рейстер (аптасына 34 рейс) 2020 жылғы 3 ақпаннан бастап тоқтатылғанын айтты. 2020 жылғы 1 наурыздан бастап Нұр-Сұлтан - Сеул және Алматы - Сеул бағытындағы тұрақты рейстердің саны аптасына 9-дан 3-ке дейін қысқарды.

«Mahan Air» өлеу компаниясының Алматы - Тегеран бағыты бойынша рейстері биылғы 1 наурыздан бастап тоқтатылды (аптасына 1 рейс). Сондай-ақ осы жылдың 5 наурызынан бастап Нұр-Сұлтан - Баку рейсі қысқартылды. Нұр-Сұлтан - Токио өлеу бағдары 2-ден 1 рейске дейін қысқартылды.

«Аталған рейстердің тоқтатылуына байланысты, билеттері бар жолаушылар ағымдағы жылдың 1 наурыздан бастап жоғарыда көрсетілген рейстерге билет алған орны бойынша айыппұл санкцияларына сәйкес және толық көлемде қайтара алады», - деді Б. Қамалиев.

Жолаушылар тасымалы саласында осы жылдың 27 қаңтарынан бастап Қытай Халық Республикасымен барлық 13 тұрақты автобус бағыты тоқтатылды. Премьер-Министрдің орын-

басары Е. Тоғжанов өңір әкімдіктерінің назарын адамдар көп жиналатын жерлерде санитарлық дезинфекция жұмыстарын күшейту қажеттігіне аударды. Оның ішінде - оқу орындарында, діни нысандарда, сауда орындарында, әуежайларда, темір жол және автовокзалдарда. Бұл тізім қажеттілігіне қарай өзгеруі керек.

ҚР Үкіметінің басшысы баяндамашылардың тыңдаған соң өлемде жағдайдың ұшығып кеткенін айтты. Вирус 50-ден астам елге таралып үлгерді және өте белсенді түрде таралуда.

«Қазіргі кезде Қазақстанда корона-вирус жұқтырған адам жоқ. Сондықтан барлық алдын алу шараларын жалғастыру қажет. Вирус сондай-ақ өлемдік экономикаға, атап айтқанда, өнеркәсіпке, транзитке, сауда мен экспортқа кері әсерін тигізуде. Осыған байланысты Қазақстан экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қабылдау қажет», - деді А. Мамин.

Үкімет басшысы мемлекеттік шекараның барлық өткізу пункттерінде санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды күшейтуді және Іс-қимыл алгоритмінде жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыруға дайындықты қамтамасыз етуді тапсырды.

Сондай-ақ, елімізде бұған дейін жоспарланған ірі халықаралық іс-шараларды өткізу уақытын ауыстыру жөнінде ұсыныстар енгізу, корона-вирус жұқтыруының таралуы бойынша қолысиз жағдай орын алған елдер үшін транзиттік, электрондық, туристік визаларды беруді уақытша тоқтату тапсырылды.

primeminister.kz

Бұл аптада кімдер туылған?

04.03.1955
Жамбыл Айменов,
техника ғылымдарының докторы, профессор.

05.03.1943
Нуридін Балқияұлы,
Түркістан облысының «Құрметті азаматы».

05.03.1948
Серікбай Тұржан,
Қазақстанның құрметті журналисі, Бәйдібек ауданының «Құрметті азаматы».

06.03.1945
Темірхан Медетбек,
ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

06.03.1955
Сәуле Арыстанбекова,
«Әсел» өндірістік кооперативінің төрайымы.

08.03.1959
Сұлтанбек Сүзгібаев,
Түркістан облысының «Құрметті азаматы»

10.03.1956
Мария Белгібай,
«Ақбол» балалар бақшасының меңгерушісі.



Құрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

ШЫМКЕНТКЕ БАЛАУЫЗ МҮСІНДЕР КЕЛДІ



ТМД-ның мәдени астанасы Шымкент қаласында ерекше көрме. Өлемдегі ең әдемі каланың бірі, музейлердің отаны болған Санкт-Петербургтен мегаполиске балау-са мүсіндер жетті. Бейнелеу және өнер музейіне қойылған бұл көрме наурыз айының соңғы күндеріне дейін жалғасуда. Төрт бөлімнен тұратын көрмені көргіңіз келсе асығыңыз. Алғашқы бөлім өлемдік кинодан көріп жүрген тарихи кейіпкерлерге қатысты. Әдебиеттегі романдар желісімен түсірілген фильмдердің кейіпкерлерімен шын жүздескендей әсер аласыз.

Екінші бөлімде мемлекет және қоғам қайраткерлерінің мүсіні тұр. Ұлы қолбасшы Өмір Темір мен Шыңғысхан, Кеңес Одағын басқарған Ленин, Хрущев, Горбачев, Ельцин секілді ел басқарған басшылардың мүсіні дәлме-дәл бейнеленген. Үшінші бөлім көркем фильмдердің кейіпкерлерімен байланысты болса, төртінші бөлім балаларға арналған ертегілер өлеміне қатысты. Ерекшелігі сол, тарихи тұлғалардың анатомиялық сипаттамасы түп-тура мүсінделген.

Өткен ғасыр мен бүгінгі заманның танымал тұлғаларының дене пішіні, бойы мен келбетін көргіңіз келсе, онда бір айға созылатын көрмені тамашаланыз. Көрме Шымкент қаласындағы Бейнелеу және өнер музейінде тұр.

Бағлан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ



Шағалалы Шардараның болашағы кемел

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев: «Шардараны дамытуға күш саламыз!» деп, сенімді айтты. Біраз уақыттан бері күрделі жөндеу жұмысы жүріп, Шардара қаласындағы көпқабатты үйлердің енесі көтеріліп қалған еді. Өңір басшысы арнайы барып, шардаралық тұрғындармен кездесті.

Өмірзақ Шөкеев шағалалы Шардараның бүгінгі мен ертеңге тоқталып, бірқатар күрделі мәселенің түйінін тарқатты.

Шардарада күн талабына сай «Тұрғын үй-қорын жаңғырту» бағдарламасы аясында кондоминиум құрылған еді, күрделі жөндеуден өткен тұрғын үйлердің бүгінгі кескін келбетімен бірге, көрсетіліп жатқан қызметтердің аясы да кеңейгендіктен, атқарылған істер тұрғындардың көңілінен шыққан.

«Халықтың алғысы - еңбектің шынайы бағасы. Сіздердің осындай керемет көңіл-күйлеріңізді көрі, біз үшін өте маңызды. Аудандар қордаланған мәселелер көп. Ауыз су мәселесі - өзекті. Кезең - кезеңмен бұл қиындықтар да шешімін табады. Көпқабатты тұрғын үйлерге «Көгілдір отын» жеткізіп, жылумен қамтамасыз ету де жоспарлы түрде жүзеге асады. Алдағы кезде Шардараны дамытуға барынша күш саламыз», - деді Өмірзақ Естайұлы тұрғындармен кездесуде.

Шардара ауданындағы Ақберді елді мекенінде «ГРС-18» газ тарау стансасы бар. Бүгінде аудан халқының тең жартысы газбен қамтылған. Алдағы 4 жылда тағы 16 елді мекенге көгілдір отын жеткізіліп, аудан 96,8% - табиғи газбен қамтамасыз етіледі деп күтілуде.

Шардарадағы балық өсіру саласы облыс қана емес, алыс-жақын шетелдерге танымал. Өйткені, балықтан жасалған тағам ағзаға тез сіңеді, емдік қасиеті де зор. Еуропа нарығына балық экспорттаудың көзін тапқан зауытта болған өкімтәжі бір жаңа жобаның жоспарымен танысты.

Зауыт Германия, Дания, Литва мен Ресейге мұздатылған сазан мен көксерке балығын экспорттайды. Көсіпорын алдағы кезде қақталған балық және балық жемі мен оның майын шығаруды жоспарлап отыр.

Сейсмикалық төзімділікті күшейту және жөндеу жұмыстарының сапасы жұмыстың талапқа сәйкес атқарылуына ықпал етеді. Сондықтан, Ісапар кезінде Өмірзақ Естайұлы Шардара су қойма-сында жүріп жатқан жұмыстардың сапасына аса назар аударды. Өйткені, келер жылдың желтоқсандағы жұмыстың аяқталу мерзімі белгіленген. Жоспарланған істің дер кезінде жүзеге асырылуы - елді қауіпкершілікті талап етеді. Қызылқұм су арнасын жаңғыр-

та құрылымдап, 4 жолақты етіп кеңейтуді жүктелді.

«Қамқорлық»

ЖОБАСЫНЫҢ АЯСЫ КЕҢ Республикамызда атқарылып жатқан жақсы істердің бірі - «Қамқорлық» жобасы. Жобаны құптап, өзіндік үлес қосуды мақсат еткен Ақтөбе облысының тұрғыны Гүлбаран Қабыланқызы Жетісай ауданына арнайы келіп, қайырым-дылық жасады.

ХАЛЫҚТЫҢ АЛҒЫСЫ - ЕҢБЕКТІҢ ШЫНАЙЫ БАҒАСЫ

Қамқорлықты тұрмысы төмен отбасылардан бастауды мақсат еткен ақ жаулықты ана екі бас ірі қара сойып, 30-ға жуық отбасына таратып берді. Одан бөлек Жетісай қаласы мен Асық-ата кентінде орналасқан балаларға арналған екі оңалту орталығын төсек-орнын түгелдей жаңартып,

қажетті тұрмыс жиһаздарын сыйға тартты.

Бағдарламаның күн сайын аясы кеңейе түсті. Аудан әкімдігі «Қамқорлық» жобасы аясында демеуші тауып, жаңаның баспаналы болуына қолғабыс етті. Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округіне қарасты Қызылқой елді мекенінің тұрғыны Шегебай Сарыбаевқа ауылдасы, жеке кәсіпкер Сәкен Әшірметов көлемі 120 шаршы метр болатын 6 бөлмелі үй алып беріп, мұқтаж жанды қуантты. Жақында ғана зейнетке шыққан ақсақалдың отбасындағы алты жан жылдар бойы зәктенген аял-дана бөлмеде гүмбір кешіп келген еді.



Маңыздылығы жоғары бұл бағдарлама «Nur Otan» партиясының бастамасымен жүзеге асып келеді. Бағдарлама билік пен қоғам арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға сеп болғаны анық. Тұрмыстық жағдайы төмен 1643 отбасы жан-жақты көмекпен қамтылуда.

«Қамқорлық» жобасына қолдау көрсету қанатпен кенге жайлы. Бұл игі бастама бойынша көсіпкерлерді әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларын өз қамқорлықтарына алуы - жомарт жүректі жандардың қатарын көбейтті. Өзінің іссапарында жақсы істің күәсі болған облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев мұқтаж жандарға көмек қолын созғандарға ризашылығын білдірді.

Ісапар аясында облыс әкімі баспана тақыметін тартқан бір-қатар отбасында болды. Олардың

тұрмыс-жағдайларымен танысты. Солардың бірі - шардаралық Хатича Амансатова. 7 қыз бір үл өсіріп отырған аяулы ана жылдар бойы жалдамалы лапшықты паналап жүр екен... Отбасы - мүмкіндігі шектеулі азамат. Үлкен қыздары колледжде оқиды. Студент. Облыс әкімімен тілдескен көп балалы ана бар арманы - баспаналы болу екенін жеткізді.

Ананын жанайқайын тыңдаған облыс әкімі мәселені зерттеп, зерделеп, шешімін табуды жергілікті

делі жөндеуден өткізіліп, көшелерді жарықтандыру, бағдарламаларды орнату жұмыстары қолға алынған. Соның бірі - орталық алаңда ашылған «Жастар» гүлзары. Облыс басшысы жаңа демалыс орнында жергілікті халықпен кездесіп, ұсыныс-тілектерін тыңдады.

«Ақ алтынды» алқап - Мақтарал ауданына қарасты 60 мың гектардан астамы - суармалы жер. Соңғы жылдары мұнда жерасты суларының тез көтерілуінен жер сорланып, шаруаларының мол

билікке тапсырды. Есеп бойынша көмекке зәру 58 отбасы анықталған.

Келес ауданының тұрғыны Паррида Абдуллаева жалғыз баласымен ескі, жұпыны сарайда тіршілік етіп жүр. Аталған отбасының жағдайын көзбен көрген облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев отанасының жұмыссыз екенін ескеріп, мемлекеттік бағдарлама арқылы жұмысқа орналастыруды тапсырды. Жаңуының жағдайына жаны аштыған жергілікті кәсіпкер Нұрлан Базарбаев оларға баспана салып беруді өз мойнына алды. Сонымен, көсіпкер қолдауымен тағы бір отбасы жақын арада қоныс тойын тойлайтын болды.

Келес ауданы бойынша көмекке мұқтаж 178 отбасы анықталған болса, бөріне жауапты жетекші бекітіліп, аталған азаматтарға жан-жақты көмек көрсету міндеттелді.

Өзекті мәселелердің түйіні тарқатылды

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев Мақтаарал ауданында болды. Аймақ басшысы алдымен автоматтандырылған газ тарау стансасының құрылыс жұмыстары қайта жалғасатын болады.

Күн электр стансасы пайдалануға берілді



Жетісай ауданында энергия тапшылығын азайту мақсатында, күн электр стансасы салынып, іске қосылды. Станция германиялық мердігер компанияның жеке қаржысына жүзеге асты. Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев көсіпорынның ашылуына қатысып, шетел инвесторларымен кездесті. Бұрынғы ескі қойқис полигонның орнына салынған жобаның құны - 2,5 млрд теңге. 10,7 гектар аумаққа орналасқан күн сәулелі жарық станциясының қуаттылығы - 4,8 МВт.

Электр жарығының қиындықтан бастан кешірген шалғай ауылдардағы қарттар облыс әкіміне ақ тілектерін жеткізді.

Шаһаризада ДӘНЕЕВА

ФАСЫР ЖАСАҒАН



Түлкibas ауданында гасыр жасаған өже турды. Туған жерде тарихымызды, тілімізді, мәдениетімізді оқып үйреніп, салт дәстүрімізді жандандыруға толық мүмкіндік берген Тәуелсіздіктің арқасы. «Бірлік болмай, тірлік болмас» деп аталарымыз бекер айтаған. Тәуелсіз еліміздің тұғырын биіктеуге, егемендігіміздің ірге тасын нығайта түсу, барша қазақстандықтардың парызы болып қалады.

Түлкibas ауданында гасыр жасаған өже турды. Туған жерде тарихымызды, тілімізді, мәдениетімізді оқып үйреніп, салт дәстүрімізді жандандыруға толық мүмкіндік берген Тәуелсіздіктің арқасы. «Бірлік болмай, тірлік болмас» деп аталарымыз бекер айтаған. Тәуелсіз еліміздің тұғырын биіктеуге, егемендігіміздің ірге тасын нығайта түсу, барша қазақстандықтардың парызы болып қалады.

«Су түбінен асыл тас, су толқыса шығады» дейді халық даналығы. Тәуелсіздікті ту еткелі әрбір жыл, тарихи хронологиясына немесе ерекшелігіне қарай аталып өтуде.

2020 жыл - ірі шаралардың бастамасы болды. Солардың бірі өркениет құтқарушысы – Әбу Насыр әл-Фарабидің туылғанына 1150 жыл. Бабамыздың бізге жетпеген қандай еңбектері бар? Неге адамзаттың "екінші ұстазы" болды? Осы сұрақтарға жауап іздеп көріңіз.

Адамзат тарихындағы ең ұлы жеңімпаздардың бірегейі - парасат падишаһының, әлемнің "екінші ұстазы" деп аталуына не себеп? Фараби заманымен бүгінгі XXI ғасыр он мың жылдықтар арасында дағалас көп. Отырардың тумасы неге Дамаскіге жерленген? Ташкент, Самарқанд, Бұқара, Араб халифатының мәдени орталығы Бағдат пен Иранның Исфаханы мен Хамадан, сонымен қоса Тері, Александрия кітапханасымен бірге түгел жойылды. Бұл орайда, Фараби тек ғылымды қайта оятушы ғана емес, көне грек жазбаларын араб тіліне аударған өркениет құтқарушысы. Мұндай парасат қаһар-

ӘЛ-ФАРАБИ ІЗІМЕН...



манын кімде болса, өз ұлтының шықты дер еді. Ал, философтың өмірбаяны өлі де терең зерттеуді қажет етеді. Жоғарыда айтқандай, әл-Фарабидің өмірі жайында ғалымдар арасында да талас көп. Отырардың тумасы неге Дамаскіге жерленген? Ташкент, Самарқанд, Бұқара, Араб халифатының мәдени орталығы Бағдат пен Иранның Исфаханы мен Хамадан, сонымен қоса Тері, Александрия кітапханасымен бірге түгел жойылды. Бұл орайда, Фараби тек ғылымды қайта оятушы ғана емес, көне грек жазбаларын араб тіліне аударған өркениет құтқарушысы. Мұндай парасат қаһар-

Калыққұлов, Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университетінің аға оқытушысы Шымырбай Нартбаев, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Шымкент қалалық филиалы жетекшісінің орынбасары Фани Шаймарданов және «Айтақ» телеарнасының түсірілім тобы арнайы барды.

IX-X ғасыр - Отырарда, нағыз өркениеттің шарықтау шегіне жеткен кезеңі деп білеміз. Оған дәлел қала орнынан табылған әртістің маскасы, демек онда тіпті театр да болған. Саудасы мен ғылыми қатар дамыған Отырардың әл-Фарабидің болашақ ұстаздығына қосқан үлесі көп деп білеміз. Бұл қаладан Фарабидің тіркесімен 30-ға жуық ғалым да шықты. Олардың геометрия, математика сияқты салаларға енгізген жаңалықтары бүгінде құнын жоғалтпаған. Фараби еңбегі бір фильмге сиятпн дүние емес, оның жазбаларын оқып, бойға сіңіру кез келгеннің қолынан келмесі анық. Дегенмен, Абай атамыздың айтқанындай: «Болмасан да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз. Ондай болмақ қайда деп, айта ғылым сүйсеңіз.»



1150 жыл Әл-Фарабидің мерейтойы



2020 ЖЫЛҒЫ МӘДЕНИ АСТАНА - ӨРКЕНДІ ІСТЕРДІҢ КУӘСІ

Қазіргі заманғы туристік индустрияның осы ерекшеліктері «Шымкент ТМД-ның мәдени астанасы - 2020» жобасы аясындағы іс-шаралар тізбесін жасау кезінде ескеріліп, Орталық аймақ аумағында «Қайырымды қала - Шымкент» этноауылын салу жоспарланған.

«Шымкент қалашығы» - Қазақстан Республикасы үшін ерекшеленетін археологиялық объект және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізіміне енген. «Шымкент 2020 - ТМД елдерінің мәдени астанасы» жылы аясында Шымкент қаласының 2200 жылдық мерейтойы ресми атап, ашық аспан астындағы мұражайдың салтанатты ашылу рәсімін өткізу де жоспарда бар. Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы Рашид Мырзаханов және 11 казанда Сочиде еткен ТМД елдерінің басылары кеңесінің отырысында 2020 жылы Шымкент қаласы мемлекеттер достастығының мәдени астанасы болып белгіленіп, 2019 жылы Париж қаласында өткен ЮНЕСКО Бас конференциясының 40-шы сессиясында халықаралық мәдени іс-шаралар тізіміне енгені баршамаызға белгілі. Қазіргі таңда мерейтойға қызу дайындық үстіндеміз.

Биылғы жыл қазақ халқының соның ішінде 2200 жылдық тарихы бар Шымкент қаласының мәдениетін, салт-дәстүрін, өнері мен ұлттық болмысын ТМД елдеріне паш етуге зор мүмкіндік туып отыр. Жасыл желекті Шымкент құртығылығы, барша жанашырлар болып атаулы мерейтойларды абыроймен атқарамыз деген зор сенімдем. Тарих қойнауына айтулы құнмен енетін осынау жауапты жылды бірге атқаруа шақырамын», - дейді.

Жыл бойы Шымкент қаласына гастролдік іссапармен ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне бағынысты 8 ұйым, басқа облыс пен қалалардан еліміздің жетекші театрлары мен филармония ұжымдарынан жалпы 31 ұжым келеді деп күтілуде.

Аруна ПЕРНЕБЕК

Table with 4 columns: No, Iс-шара атауы, Мерейлі, Фетілі жері. It lists various cultural events and festivals planned for 2020, including 'Шымкент 2020 - Достастықтың мәдени астанасы' and 'Посольство Мастерста» жобасы аясында Санкт-Петербург музыка үйінің гастролі'.

АЛАШ КӨСЕМДЕРІНІҢ БІРІ ЖӘНЕ БІРЕГЕЙІ - ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ



Туылған тар заманда Тұрар едім, Елім деп еңіреген ұлан едім, Қолымда құдіретті билік болса, Тарихты тура жолға бұрар едім. Тұрар Рысқұлов. Биыл Алаштың ардақтысы, көрнекті қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 125 жыл. XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқының азаттық жолында күрескен зиялы азаматтардың бірі - Тұрар Рысқұлов. Қазақ халқының маңдайына біткен біртуар тұлғалардың тағылымды өмір жолдары мен көрнекті ерен еңбектері ел тарихының беттерінде алтын өріптермен жазылып қана қоймай, мәдениетіміздің зор, рухани құндылықтарымыздың берік болуына ықпал етті. Бар өмірін ашық аспан астында ұрпақтарының еркін өмір сүруі жолына арнаған ұлы тұлғалардың есімдері

мәңгі сақталары хақ. Қазақ халқының осындай елін сүйген ер ұлдарының бірі де бірегейі - Тұрар Рысқұлов. Бүгінде Тұрар туралы тың деректерді жинақтап, осыларды терең тарихқа жазу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Айттыламын ақиқатты жазу өлі де болса келер ұрпақтардың парызы деп білеміз.

Біз Егемендік еліміз деп мақтан тұтандық жататынын түсініп сезіну, өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіру және оны қасиеттер қадір тұтып, қорғап, сақтауға дайын болуы. Қазіргі уақытта Тәуелсіздік пен ұлттық патриотизмге үлес қосқан Тұрар Рысқұловтың өмірі ұрпаққа үлгі боларлықтай серпіліс беретіні сөзсіз.

Тарихтың ақиқатын зерделеуіміз керек. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана - Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған. Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. Патриоттық сезім тұлғаның тектілігімен туындап, тәрбие арқылы өсіп- жетіліп, патриоттық сана түрінде қалыптасады. Ұлттық патриотизм жеке адамның белгілі бір ұлтқа жататынын түсініп сезіну, өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіру және оны қасиеттер қадір тұтып, қорғап, сақтауға дайын болуы. Қазіргі уақытта Тәуелсіздік пен ұлттық патриотизмге үлес қосқан Тұрар Рысқұловтың өмірі ұрпаққа үлгі боларлықтай серпіліс беретіні сөзсіз.

Тоқтабек А.А., Оғуңшыева А.Е. М.Әуезов атындағы ОҚМУ «СәженеС» кафедрасының магистр, аға оқытушылары

Алғыс

Ақ ырысты молшылықты жерге алғыс, Ақ баталы ынтымақты елге алғыс. Салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын қастерлеп, Елім деген жүрегі бар егер алғыс.

Алғыс деген жақсылықтың жақтауы, Алғыс деген жақсы күннің бастауы. Алғыс деген ризашылық белгісі, Алғыс деген әдепті ойдан аспауы.

Алғыс деген ара-ағайын сыйластық Алғыс деген жақсы жанды қымастық Алғыс деген айналайын деген сөз, Алғыс бар да алыс жүреп қиғаштық.

Алғыс деген қарап тұрсаң сіз бен біз. Атап таңнан үміттерді үзбейсіз. Алғыс бар да бірімізді біріміз, Алыс жолда болса дағы іздеміз.

Алғыс алу бабалардан қалған бақ, Алғыс алу аналардан қалған бақ. Алғыс алу адамзаттың несбіі, Ұрпақтардан Ұрпақтарға жалғанбақ! Мақсат ҚАРҒАБАЙ, Созақ ауданы.

ҰЛЫТАУ ТАУЛАРЫ - ҰЛЫ ТАУЛАР

даланып отыр. Ал, Шыңғыс ханның үлкен ұлы – Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейді. Оның тарихи тұлғасына өлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени тур нысанына айналдыру – өте маңызды міндет. Ұлытау – халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығы болуы тиіс», – деген Мемлекет басшысы.

Ұлытаудың түркі өлемінде алар орны ерекше дейміз, бірақ күн өткенде мұхит қайта бастайды. Сол кезде әлемде 3 жер көрініпті. Соның бірі - Ұлытаудың төбесі екен. Бұл аңызды Қаныш Сәтпаев жазып алып, еңбектерінде қолданған екен.

Былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлытау 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде қазақ халқы үшін Ұлытаудың тарихи мәні мен киелілігін, сондай-ақ, бұл қасиетті мекеннің этнографиялық, зияраттық және экологиялық туризмді дамыту үшін зор әлеуеті бар екенін атап өткен.

«Тарихы терең Ұлытаудың қадір-қасиетін бағалай білу – баршамызға ортақ парыз. Еліміздің осындай баға жетпес тудың жанаша жолдарын ойластыруымыз керек. Мысалы, Монголия Шыңғыс хан тұлғаны халықаралық туризмді дамыту үшін өте тиімді пай-

лық орталықтары, түркілік тас мүсіндер, сақ қорғандары мен оғыз-қыпшақ қалалары, шипалы су көзі - Ембұлақ құдығы бар. «Ұлт ұясы» атанған Ұлытау ұлы бабаларымызға тағзым ететін орталық қана емес, ішкі және халықаралық туризмнің орталығына айналуы керек.

Ішкі ғана емес, халықаралық туризмнің орталығы болуға Ұлытаудың мүмкіндігі жетеді. «Ұлытау» тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі осы мақсаттағы жұмысының бір бағыты ретінде «Ұлытау таулары - Ұлы таулар» жобасын жасап, іске асыруда.

Жобаның мақсаты – дүниежүзіндегі барлық «Ұлытау» - деп аталатын таулардың шыңына шығу, сол жерлерді мекендеген этностарға ортақ ерекшелікті, ұнастық пен дүниетанымын анықтау, зерттеу, зерделеу. Тек қазақ халқының тарихи мекені ғана емес, түбі бір түркілердің, сондай-ақ көшпелі жұрттың да киелі ордасы, құтты мекен болған Ұлытаудың ұлылығын дәріптеу, рухани құндылықтарды насихаттау.

Музей жүргізіп жатқан бұл жоба, Монголиядан Мажарстанға дейінгі алып аймақтағы Түркі өлемі мен Еуразиялық дала өркениетінің тарихын, салт-санасын зерделеп, қазіргі турмыс-тіршілігін көрсететін фотоальбом шығаруды қолға алған, «Әлем таулары» жобасы мен «Ұлы Еуразия даласы» жобасының жалғасы іспеттес.



«Ұлытау таулары - Ұлы таулар» зерттеушілік фотожобасы аясындағы экспедицияның мақсаты – «Ұлытау» атауын иеленген, Қазақстандағы Ұлытау, Түркиядағы Ұлы-Даг, Ресия Федерациясындағы Улутлау (Кабардино-Балкария), Алтайдағы Улуг-Даг (Тыва Республикасы) және Улуттаг (Хаксия Республикасы) киелі тауларының тарихи маңызын, ортақ ерекшеліктерін, ұнастықтарын анықтау, зерттеу және түркі өлемінің дүниетанымындағы рухани сабақтастықты айқындау.

Атымдағы жылдың 17-25 ақпан аралығында «Ұлытау таулары - Ұлы таулар» жобасы ая-

Профессор Халит Екен құтқи-мәдени және табиғи қорық-музейі мен Рүгистің «Ұлытау» саяхатшылар бірлестігінің экспедициясы Түркия мемлекетіне арнайы барды. Онда Бурса қаласының Улы-Даг университетінде жергілікті ғалымдармен кездесті. Экспедиция мүшесі, музей фотографы Дмитрий Рүгис университет басшылығымен жоба бойынша ынтымақтастық туралы сөтті келіссөздер жүргізіп, «TUDAM» Түркі мәдениетін дамыту орталығын басшысы Ердем Өздемирмен жүздесті.

«TUDAM» орталығының қабылдау залында Дмитрий Рүгис пен музейдің серіктесі, Ұлытаудың тумасы Руслан Ыбырай орталық қызметкерлері мен Улы-Даг университеті студенттеріне музей жобасының мақсаты мен Қазақстанның тарихи мен мәдениетіндегі Ұлытаудың рөлі жайлы айтты. Дмитрий Рүгис Түркиялық әріптестерді Ұлытаудағы «Көмайса» этнофестивалі мен

«Жезкиік» музыкалық фестиваліне шақырды. Б.ҚОЖАХМЕТОВ, «Ұлытау» ұлттық қорық-музейі директоры



ЖҮРЕГІМІЗДЕ БІР ОРЫН БОСАП ҚАЛДЫ...

Сырт жақта жүргендерге естілетін жаманат хабар қиын. Күтпеген оқиға болса, онан да қиын.

Жасымыздан бірге өскен, досымыз Жаппарға тұрмысқа шығып, екеуі теңдей дос болып кеткен, 50 жылдай бірге келе жатқан Феруза Сиқымбайқызы қайтыс болыпты деген хабар бізді есеңгіретіп тастады. Зибагүл екеуміз, бірге болған кездерді, осы айдың басында ғана үш-төрт күн үйлерінде аунап-қунап, бір болған сәттерімізді есімізге алып, жылдық, Өкіндік.

Жаппар мен Феруза 15 жасынан бір-біріне тартылып, бірге келе жатыр еді. Олардың балақ махаббаты мектебімізде, ауылымызда жырылып айтылатын еді.

Былай қарасаң, адамдардың барлығы бірдей сияқтанады. Біреулері құмырсқа, біреулері тышқан, біреулері қоңыз болып өмір сүреді.

Бұл екеуінің өмірі өзгеше-рек еді. Оларды бір-біріне деген махаббаты ерекшелеп тұратын. Ол - өмірде сирек кездесетін махаббат еді.

Феруза ерке болатын. Еркелігін ешкімнен жасырмай, ашық өмір сүрді. Қашан болса да, кімнің болса да, алдыларынан күліп, еркелеп шығатын. Жанын түсінбегендер: «О, сорлы, байдың қызы болып, әуелі өкесінің мойнына, одан кейін күйеуінің мойнына мінген соң, қалай ерке болмасын?», - дегендерін де еститінбіз. Ол пікірге келіспей, таласып қалатынбыз.

Шынына келсек, Феруза күйеуі қой совхозына бас зоотехник, директор болған кездері ауылдық амбулаторияның әмбебап, бір ғана дәрігері болып, директордан кейін бас зоотехник, одан кейін парторг, олардан соң тағы біреулерге мінген, сыны кетіп қалған УАЗ машинасымен қызылдың құмының совхозға тиесілі аумағын шарлап, аурулардың аман қалуына, шалғайдағы өйелдердің боса-

нуына жүздеген рет дөнекер болған кездерін бүгінде біреу білсе, біреу білмейтін тарих.

Феруза Жаппарды шалғайдағы батыс өңірінде совхозға директор болғалы тұрған жерінен: «елге қайтайық, жұмыс сол жақтан да табылар» деп ауылға қайтуға көндірген азаматтығы арқылы, өмірлерінің ауылдастарының ішінде, бірқалыпты, сапалы тұрмысқа айналғанының да себепкері еді.

Ферузаға осыдан 15 жылдай бұрын, бір арнайы тапсырма беріп едім: «Жаппардың бауырларының бәрі жасы 60-қа жетпей қайтыс болып жатыр, сен осы үрдісті тоқтат. Дәрігерсің ғой, еріңді балаша күт, сақта» - дедім. Олай деуіме себеп – Жаппар сымдай тартылып жүретін қызметінен зейнетке шығып, аурушаң бола бастап еді. Сонда барлық «емделем, демалам» деген жерінің барлығына апарып, көзін емдеу сәтсіз болған кезде Мәскеуге алып барып, дөнекер болып, денсаулығын жан-жақты жақсартып еді. Екеуінің саябаққа бірге барып, Скандинав таяқшаларын қолға алып, серуендеп жүретініне қуанатынмын.

Өрине, барлығы бір Алланың қолында ғой, дегенмен, сол Алланың пендесі болып, осы тапсырмамды орындап, бүгінгі күнге бірге жетіп едік. Жақында екеуінің 70 жасқа келгенін бірге тойлап едік.

«Жайнаған туың жығылмай...» деп ұлы Абай ақын айтқандай, өмірдің бәрібір ешкім, ешуақытта тоймайтын қызығын тәрк етіп, жарқ етіп кете барған Ферузаға: «Нұрың пейіште шалқайғай» деп тілеп, жұбынан айрылып қалған Жаппар досқа берік болуын, ұрпақтар тұрғанда жалғызбын демей, Феруза үлгермей кеткен Ролланыңды үйлендіріп, өзге отбасылық қызықтарды молынан көре түскейсің деп тілейміз.

Дұғада болыңыздар!

Мырзагелді – Зибагүл.

Астана

Жарамсыз деп танылсын

***Егемқұл Нұрдаулет Тұрашулы ОҚМПУ студентінің сынақ кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Рзаев Алпамыс Абатұлы ОҚМПУ студентінің студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

О ликвидаций

***«ТОО «ЖАЙСАН ОЙЛ» БИН -110940021740 объявляет о своей ликвидации. Все претензии принимаются в течение одного месяца со дня опубликования объявления по адресу: Шымкент 195квартал ул. Карабастау дом 35А

Открылось наследство

***Умер Джаксаликова Гулдана. Дата смерти 11.02.2020. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Бекешбаев Е.С. г.Шымкент, Темирланский шоссе 42/39. Тел:8701-567-69-28.

***Умер Низамова Матлюба. Дата смерти 04.02.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тойчи Анвар . г.Шымкент,улица Джангельдина,13.Тел:8705-758-88-08.

***Умерла Пестолова Раиса. Дата смерти 04.09.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Абншева Ч.А. г.Шымкент, ул Уалиханова дом 219-41.Тел:57-53-51

***Умер Рсалиев Аппархан. Дата смерти 09.04.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманова Г.А. г.Шымкент, змкр, дом №3В. Тел: 8701-729-25-41

***Умерла Недбайло Нина. Дата смерти 18.10.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мырзақұл Р.С. г.Шымкент, ул.Алдиярова 95. Тел: 8702-721-90-98

***Умер Ахатаев Данияр. Дата смерти 21.01.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Шертаева Д.Д. г.Шымкент, м-н Куншыгыс, 166/1. Тел: 8702-502-15-90

***Умерла Толаметова Икбаль. Дата смерти 30.03.2011. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманова Г.А. г.Шымкент, змкр., дом №3В. Тел:8701-729-25-41

***Умерла Ибрагимова Намар. Дата смерти 20.12.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г.Шымкент, ул.Маделли Кожа 1Г. Тел:

8701-741-27-45

***Умерла Шамсиева Рано. Дата смерти 28.04.2016. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Биханова Ж.Ж. г.Шымкент, ул. Джангельдина.Тел:8702-241-92-14

***Умерла Жәкіп Дәнекүл. Дата смерти 14.01.2010. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Гульнур Рахимжановна. ул.Туркестанская, 2/3. Тел:8701-780-63-44

***Умер Токбаев Темирбек. Дата смерти 18.07.2018. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г.Шымкент, Маделли Кожа, 1Г. стадион им. Кадыммухана.Тел:8701-741-27-45

***Умер Титоренко Николай. Дата смерти 19.12.1998. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мамыкова Н.Т. г.Шымкент. пр. Кабанбай батыра, 18/4.Тел: 8702-996-27-79

***Умерла Андросова Анна. Дата смерти 02.09.2003. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мамыкова Н.Т. пр. Кабанбай батыра18/4.Тел: 8702-996-27-79

***Умер Зарипов Рашит. Дата смерти 28.08.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Турапбаева Б.У. г.Шымкент мкр.Восток, дом 46.Тел:8775-833-03-04

Умер Султанов Юлчбай. Дата смерти 29.07.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К.г.Шымкент Маделли Кожа 1Г стадион.Тел:8701-741-27-45

***Умерла Тилепова Калдыкуль. Дата смерти 19.02.2020. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г.Шымкент, Маделли Кожа, 1Г стадион.Тел: 8701-741-27-45

***Умерла Голубева Валентина.Дата смерти 03.10.2019.

Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кемелова А.С. г.Шымкент ул.Ильяева 17а. Тел:8701-716-27-81

***Умерла Аманова Сайера. Дата смерти 30.10.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Аширкулов С.Б. г.Шымкент мкр Нурсат.Тел: 8702-552-71-77

***Умерла Маманазарова Икаят. Дата смерти 07.05.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тойчи Анвар .г.Шымкент ул Джангельдина 13.Тел:8705-758-88-08

***Умерла Рахимова Саодат. Дата смерти 26.02.2020. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Боранбекова.С.С. г.Шымкент, Тамерлановское шоссе,43Б/1.Тел:8775-969-40-66

***Умер Исмагулаев Ирдимурат. Дата смерти 10.02.2020. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тойчи Анвар. г.Шымкент, ул. Джангельдина 13 . Тел:8705-758-88-08

***Умер Шлык Анатолий. Дата смерти 20.02.2020. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мырзақұл Р.С. г.Шымкент. ул.Алдиярова, 95. Тел: 8702-721-90-98

***Умер Мейрманов Жанет. Дата смерти 25.09.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кемелова А.С. г.Шымкент, ул.Ильяева 17а. Тел:8701-716-27-51

***Умерла Асаанбаева Бекзада. Дата смерти 23.07.2016. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г.Шымкент ул Маделли Кожа 1Г. Тел: 8 705 6822075

АУЫРЫП ЕМ ІЗДЕГЕНШЕ, АУЫРМАУДЫҢ ҚАМЫН ЖАСАЙЫҚ

Созылмалы бронхит ауруына ем қоспа

Тыныс органдарының ауруы созылмалы түрге енген кезде қиындық тудырады. Соның бірі - созылмалы бронхит. Оны дер кезінде емдемесе, жиі-жиі тыныс тарылуы мүмкін. Мұны-астма ауру дейді.

Тағамды күйдірмейтін жақсы ыдысқа 300 грамм сары май салып, жай жанған отқа қоясыз. Қайнатудың қажеті жоқ, ерісе болды. Үстіне 300 грамм бал құясыз да, өбден біркелкі қоймалжың болғанша араластырасыз. Осы қоспаға 1 стакан құмшекер сеуіп, еріп кеткенше қозғап тұрасыз. Ең соңында 100 грамм какао ұнтағын қосасыз.

Шамамен 800 граммдай қою қоймалжың шоколадқа ұқсаған қоспа пайда болады. Жылы кезінде шыны ыдысқа құйып алыңыз. Бұл емдік қоспа тоңазытқышта 1 жылға дейін сақталады.

Пайдалану тәсілі:

1 стакан ыстық сүтке 1 асқасық дайын қоспаны араластырып, күні бойы қанша рет ішсеңіз де болады. Есте сақталатын нәрестек салқын кезде сыртқа шығар алдында пайдалануға болмайды.

Көз жасы да пайдалы екен...

Қалыпты болып саналатын нәрсе-өл сезімтал жанның әр нәрсеге көңілі босап, жанарына жас алуы. Кейде біз ренжісек те, қуансақ та жанарымызға жас үйіріліп қалады. Оған ыңғайсызданып, өбiгерге түсіп жатамыз. Ғалымдардың пайымдауында бұл дұрыс әрі өте қажет деп білген жөн екен... Өйткені, сезімді, айтылатын ойды сыртқа шығармай сақтау дұрыс емес көрінеді. Ол іште қалып қойса, қордаланып жинала берсе, адам ағзасына зиянын тигізіп, денсаулықтың бұзылуына әсер етеді екен.

Қақырық түсірудің төте жолы

Қыс, көктем, күз мезгілі суықтап қалу қауіп жиілейді.

Егер қақырық сыртқа шықпай, тынысыңыз тарылса, онда мына оп-оңай емді жасап көріңіз.

Дәріханадан Боржоми сусынын, 10 дана мұқалтин дәрісін сатып алыңыз. Үйге келген соң, мұқалтинді қағаз қаптамадан шығарып, ұсыныңызда ұстаңыз. Боржоми сусынын ашып, өте-өте сақтықта 10 дана дәріні тез-тез бөтелкеге тастауға тырысыңыз да, жылдам қимылдап қақпағын жауып тастаңыз. «Неге тез-тез, жылдам...» деп отырғанымызға таң қалмаңыз. Боржоми сусынын мен мұқалтин араласқан кезде көз алдыңызда сусын «бұрықлап қайнағандай» сыртқа атылады! Абайламасаңыз, ағалдық танытсаңыз, сусынның көбі төгіліп кетуі ықтимал...

Бір сүйсінетін нәрсе, бөтелкенің қақпағы жабылған соң, сырттай бақыласаңыз, әр дана мұқалтин бұрқырап еріп жатады. Көрінісі-керемет!

Мұқалтин өбден еріп кеткенше күтіңіз. Қоңырқай реңдегі сусын пайда болады. Бөтелкені өбден қозғап, әр жарты сағат сайын 50 граммнан ішіңіз.

Бұл емді кешке қарай жасаңыз. Сыртқа салқынға шықпай, жылы оранып ұйықтасаңыз болады.

Даярлаған: Шаһаризада ДӘНЕЕВА.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректорының көмекшісі

Ерғали ҚАПАЛОВТЫ

қайтыс болуына байланысты, отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.